



## ҚарМУ конкурс жариялайды



## Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессорлық- оқытушылық құрамы лауазымдарын атқару конкурсын өткізу туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы лауазымдарын атқару конкурсын өткізу туралы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылдың 14 желтоқсанындағы

№ 635 «Жоғары оқу орындары ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің (профессорлық-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметкерлер) лауазымдарын атқару бойынша конкурс ережелерін бекіту туралы» бұйрығына, «Басшылар, мамандар мен басқа да қызметкерлер лауазымының біліктілік анықтамасына» (Алматы қ. 2005 ж.) сәйкес әзірленген.

1.2 Ереже университеттің ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің штаттық лауазымдарын конкурстық атқару тәртібі мен жағдайларын айқындайды. (-әрі қарай конкурс) Штаттық лауазым университеттің штат кестесімен ескерілген және оқытушының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлері бойынша жұмыс бастылығын қарастырады.  
(Жалғасы 2 бетте)

# Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессорлық - оқытушылық құрамы лауазымдарын атқару конкурсын өткізу туралы ереже

(Жалғасы. Басы 1 бетте)

1.3 Конкурстың мақсаты академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-да тиімді кадрлық саясатты қамтамасыз ету болып табылады.

1.4 Конкурстың міндеттері:

- штаттық лауазымдағы оқытушының кәсіби ынтасын іске асыруға жағдай жасау;

- оқытушының кәсіптік деңгейін ескере отырып, құқықтық және әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз ету;

- университеттің білім беру бағдарламаларын іске асырудың сапасын арттыру.

1.5 Үміткерлерді конкурстық іріктеу біліктілік мінездемелерге сәйкес конкурс материалдары негізінде жүзеге асырылады.

1.6 Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ профессорлық-оқытушылар құрамының бос лауазымдарын атқару 1 және одан көп жыл мерзімге жүзеге асырылады.

## 2. Конкурс туралы хабарландыру

2.1 Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың бос лауазымдық орындарды атқаруға конкурс өткізетіндігі туралы бұқаралық ақпарат құралы — «Жастар әлемі» газеті арқылы хабарландыру жариялайды.

2.2 Конкурсқа құжаттарды тапсыру мерзімі хабарландыру жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күнді құрайды.

2.3 Конкурстық іріктеу және жеке еңбек шартын бекіту рәсімдері өтініш берілгеннен кейін екі айдан кешіктірмей және университеттің профессорлық-оқытушылар құрамының қолданылып жүрген жеке еңбек шартының аяқталу мерзіміне екі ай уақыт қалғанда өткізіледі.

2.4 Конкурстық комиссия белгілеген мерзім сақталмаған жағдайда, конкурс қайта жарияланады.

2.5 Бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс туралы хабарландыруды уақытында орналастыру жауапкершілігі академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығына жүктеледі.

## 3. Конкурстық комиссияны қалыптастыру

3.1 Конкурстық комиссияның жеке құрамы мен оның өкілдік мерзімі университеттің Ғылыми кеңесімен айқындалады және академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2 Конкурстық комиссияның міндеттері:

- бос лауазымдық орындарды атқару конкурсына қатысушылардың барлығына тең мүмкіндіктер беру;

- үміткерлер тарапынан берілген конкурстық материалдарды әділ қарастыру;

- академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ бос лауазым орындарын атқару конкурсын өткізу нәтижелері туралы үміткерлерді уақытында хабардар ету.

## 4. Құжаттарды қабылдау және дайындау

4.1 Құжаттарды қабылдау мен олардың ресімделу сапасын бақылауды Қызметкерлерді басқару бөлімі жүзеге асырады.

4.2 Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ оқытушысы болып табылмайтын тұлғалар бос лауазымдық орындарды атқару конкурсына ҚарМУ оқытушыларымен тең түрде қатыса алады және конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

- академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректорының атына өтініш (№ 1 үлгі);

- кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс парағы;

- өмірбаян;

- жоғары білім, ғылыми дәреже, ғылыми атағы туралы дипломдарының расталған көшірмесі;

- соңғы жұмыс орнынан мінездеме (№ 2 үлгі);

- оқытушының ғылыми-педагогикалық қызметі нәтижелерінің фактографиялық парағы (№ 3 үлгі);

- еңбек кітапшасының расталған көшірмесі;

- ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер тізімі (№ 4 үлгі);

4.3 Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың конкурсқа қатысуға тілек білдірген оқытушылары келесі құжаттарды ұсынады:

- академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректорының атына өтініш (№ 1 үлгі);

- мінездеме (№ 2 үлгі);

- оқытушының ғылыми-педагогикалық қызметі нәтижелерінің фактографиялық парағы (№ 3 үлгі);

- ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер тізімі (№ 4 үлгі);

4.4 Үміткердің конкурсқа қатысу туралы өтініші Қызметкерлерді басқару бөліміне беріледі және оған университет ректорының қолы қойылады.

4.5 Ректордың қолы қойылған үміткердің өтініші және конкурстық құжаттар кафедра отырысында қаралып, қорытынды жобаны дайындау үшін университеттің тиісті кафедрасына жіберіледі.

4.6 Бос лауазымдық орынға үміткерлердің әрқайсысы бойынша шешім кафедраның штаттық мүшелерінің көпшілігінің ашық немесе жасырын дауыс беруі арқылы, ғылыми-педагогикалық қызметі туралы байқау алдындағы кезеңге есеп бергеннен кейін қабылданады. ҚарМУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамының мүшесі болып табылмайтын тұлғалар міндетті түрде ашық сабақ өткізеді немесе ғылыми баяндама жасайды.

4.7 Кафедра қорытындысы берілген мәжіліс хаттамалардан үзінді әр үміткерге жеке түрде ресімделеді.

4.8 Конкурсқа қатысушы үміткерлер кафедра мәжілісіне қатысуға және қорытынды жобамен таныс болуға құқылы.

4.9 Үміткердің кафедра меңгерушісінің бос лауазымдық орны конкурсына қатысуы туралы мәселені қарастыру және қорытынды жобаны дайындау факультет деканының басшылығымен жүзеге асырылады.

4.10 Кафедраның шығарған қорытындысы, үміткердің өтініші және конкурстық құжаттар талдап қорыту үшін Қызметкерлерді басқару бөліміне тапсырылады.

4.11 Көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған үміткерлердің өтініштері мен конкурстық құжаттар қаралмайды.

# Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессорлық- оқытушылық құрамы лауазымдарын атқару конкурсын өткізу туралы ереже

## 5. Конкурс бойынша сайлау тәртібі

5.1 Қызметкерлерді басқару бөлімі конкурстық құжаттар мен үміткерлер қызметінің талдап қорытылған нәтижелерін (№ 5, 6, 7 үлгілер) конкурстық комиссияның қарауына ұсынады.

5.2 Конкурстық комиссияның жұмысы келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- кафедралар тұрғысынан конкурстық материалдарды қарастыру жүйелілігі айқындалады.

- әр үміткердің жеке қызметінің нәтижелерін талдап қорытудың негізгі түйіндері мен кафедра қорытындылары жарияланады.

- берілген дауыстарды есептеу және штаттық лауазымға үміткерлерді сайлау нәтижелерін хаттамалау үшін үш адамнан тұратын есептеу комиссиясы сайланады (№ 8 үлгі).

- конкурстық комиссияның мүшелері әр үміткер бойынша жеке түрде жасырын дауыс беру рәсімін өткізеді (дауыс беру рәсімі осы ереженің 9 үлгісімен тәртіптеледі);

- есептеу комиссиясының хаттамалары конкурстық комиссия мүшелерімен бекітіледі. Егер жасырын дауыс беруге конкурстық комиссияның 2/3-тен кем емес бөлігі қатысса, комиссия шешімі жарамды болып табылады. Жасырын дауыс беру нәтижесінде конкурстық комиссия мүшелерінің са-

нынан 50 % және одан көп дауыс жинаған үміткерлер сайланды деп есептеледі.

- үміткерлер тең дауыс жинаған жағдайда қатысушылардың конкурстық материалдары қайта қаралады және конкурстық комиссияның мүшелері қайта жасырын дауыс береді.

- Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың лауазымдық бос орындарын атқару және жеке еңбек шартын бекіту мерзімі туралы соңғы шешім қабылданады.

- Конкурстық комиссияның шешімі жарияланады. Университеттің қызметкерлерді басқару бөлімі конкурс қорытындыларын 10-үлгіге сәйкес ресімдейді. Конкурсқа қатысқан тұлғалар конкурс нәтижелері туралы ескерту хатты қызметкерлерді басқару бөлімінен алады.

5.3 Конкурстық комиссия мәжіліске факультет деканын немесе кафедра меңгерушісін шақыруға құқылы.

5.4 Кафедра біріккен немесе бөлінген жағдайда профессорлық-оқытушылар құрамын сайлау мерзімінен бұрын өткізілмейді.

5.5 Кафедраны құрған немесе қайта ұйымдастырған жағдайда меңгеруші қызметі бос орын деп жарияланады және конкурс бойынша сайланғанға дейін жеке еңбек шартын бекіту арқылы атқарылады. Университет ректоры ка-

федра меңгерушісінің міндетін атқаруды бір жылға дейінгі мерзімге жетекші оқытушылардың біріне жүктеуге құқылы.

5.6 Конкурсқа қатысу үшін өтініш және басқа да құжаттарын тапсырмаған немесе конкурс комиссиясымен таңдап алынбаған ҚарМУ оқытушылары жеке еңбек шарты мерзімінің аяқталуына байланысты жоғары оқу орынындағы қызметінен босатылады.

5.7 Сағаттық төлемақы шарты бойынша немесе толық емес еңбекақы мөлшерінде оқытушылық қызметке қабылданған тұлғалар ректор бұйрығымен қабылданып, штаттық оқытушылар қатарына жатпайды.

## 6. Конкурстық комиссияның шешіміне арыз беру тәртібі

6.1 Конкурсқа қатысушылар университет ректорына шағымдану арқылы немесе соттық тәртіпте конкурстық комиссияның шешіміне арыздана алады.

6.2 Ректор шағым, арыздарды қазақша, шағым берілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде конкурстық материалдарды қайта қарастыру мүмкіндігін немесе қабыл алмау туралы шешім қабылдайды.

6.3 Конкурстық комиссия шағым, арыз берген үміткерді, қабылданған шешім туралы бес күн ішінде хабардар етеді.

## ҚОСЫМШАЛАР

1-үлгі. Өтініш

2-үлгі. Мінездеме

3.1. — үлгі. Ғылыми дәрежесі жоқ профессорлық-оқытушылар құрамы үшін фактографиялық парақ

3.2. — үлгі. Ғылыми дәрежесі жоқ бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы үшін фактографиялық парақ

3.3. — үлгі. Ғылыми дәрежесі жоқ дене мәдениеті және спорт факультеті профессорлық-оқытушылар құрамы үшін фактографиялық парақ

3.4. — үлгі. Ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылар құрамы үшін фактографиялық парақ

3.5. — үлгі. Ғылыми дәрежесі бар бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы үшін фактографиялық парақ

3.6. — үлгі. Ғылыми дәрежесі бар дене мәдениеті және спорт факультеті профессорлық-оқытушылар құрамы үшін фактографиялық парақ

4-үлгі. Ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер тізімі

5-үлгі. Конкурстық парақ

6-үлгі. Бос лауазымдар тізімі

7-үлгі. Бос лауазымдық орындарға үміткерлер туралы ақпарат

8-үлгі. Бірыңғай бюллетень

9-үлгі. Есептеу комиссиясы мәжілісінің хаттамасы

10-үлгі. Профессорлық-оқытушылар құрамының бос лауазымдарын атқару конкурсының қорытындылары

# Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымдарын атқару конкурсын жариялайды:

**Ботаника кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 2 бірлік.

**География кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік.

**Зоология кафедрасы**  
профессор — 1 бірлік, доцент — 2 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік.

**Физиология кафедрасы**  
аға оқытушы — 1 бірлік.

**Гуманитар бағыттағы факультеттердің шет тілдері кафедрасы**  
оқытушы — 2 бірлік.

**Жаратылыстану бағытындағы факультеттердің шет тілдері кафедрасы**  
аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 4 бірлік.

**Ағылшын тілін оқыту әдістемесі кафедрасы**  
кафедра меңгерушісі — 1 бірлік, аға оқытушы — 2 бірлік, оқытушы — 3 бірлік.

**Ағылшын тілінің теориясы кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 3 бірлік, оқытушы — 4 бірлік.

**Неміс және француз тілдерінің практикасы мен теориясы кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 2 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік.

**Қазақстан тарихы кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, оқытушы — 2 бірлік.

**Математикалық талдау және дифференциалдық теңдеулер кафедрасы**  
профессор — 1 бірлік.

**Математиканы және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасы**  
доцент — 2 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік.

**Информатика және қолданбалы математика кафедрасы**  
кафедра меңгерушісі — 1 бірлік, профессор — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Алгебра, математикалық логика және геометрия кафедрасы**  
аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Машинатану кафедрасы**  
доцент — 3 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік.

**Жалпытехникалық және еңбекті оқыту әдістемесі кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік.

**Бастауыш оқытудың әдістемесі мен педагогикасы кафедрасы**  
кафедра меңгерушісі — 1 бірлік, доцент — 1 бірлік.

**Педагогикалық түзету және әлеуметтік бейімделу кафедрасы**  
профессор — 1 бірлік, доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 2 бірлік.

**Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасы**  
аға оқытушы — 2 бірлік.

**Психологиялық-педагогикалық және мектепке дейінгі дайындықтың әдістемесі мен теориясы кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 2 бірлік.

**Жалпы және теориялық физика кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік.

**Радиофизика және электроника кафедрасы**  
аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Конденсирленген күй спектроскопиясы кафедрасы**  
аға оқытушы — 1 бірлік.

**Ж. С. Ақылбаев атындағы инженерлік жылуфизикасы кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Бастапқы әскери дайындық кафедрасы**  
аға оқытушы — 2 бірлік, оқытушы — 2 бірлік.

**Спорттық медицина және дене мәдениетінің әдістемесі мен теориясы кафедрасы**  
аға оқытушы — 1 бірлік.

**Дене тәрбиесі кафедрасы**  
кафедра меңгерушісі — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Спорттың циклдік түрлері және спорттық ойындар кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Журналистика кафедрасы**  
профессор — 2 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Қазақ тіл білімі кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік.

**Қазақ әдебиеті кафедрасы**  
оқытушы — 1 бірлік.

**Орыс тілі мен әдебиетінің әдістемесі мен практикасы кафедрасы**  
кафедра меңгерушісі — 1 бірлік, доцент — 2 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Қазақ тілінің практикалық курсы**  
доцент — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Классикалық және орыс филологиясы кафедрасы**  
профессор — 1 бірлік.

**Саясаттану және әлеуметтану кафедрасы**  
кафедра меңгерушісі — 1 бірлік, доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 2 бірлік.

**Психология кафедрасы**  
профессор — 1 бірлік, доцент — 2 бірлік, аға оқытушы — 3 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Аноорганикалық және техникалық химия кафедрасы**  
оқытушы — 1 бірлік.

**Химиялық технология және экология кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Физикалық және аналитикалық химия кафедрасы**  
профессор — 1 бірлік, доцент — 1 бірлік.

**Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасы**  
аға оқытушы — 2 бірлік.

**Маркетинг кафедрасы**  
профессор — 3 бірлік, доцент — 2 бірлік, аға оқытушы — 3 бірлік, оқытушы — 3 бірлік.

**Менеджмент кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 1 бірлік.

**Қаржы кафедрасы**  
доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 9 бірлік, оқытушы — 5 бірлік.

**Экономика және халықаралық бизнес кафедрасы**  
кафедра меңгерушісі — 1 бірлік, доцент — 1 бірлік, аға оқытушы — 3 бірлік.

**Азаматтық және еңбектік құқық кафедрасы**  
аға оқытушы — 3 бірлік, оқытушы — 1 бірлік.

**Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасы**  
оқытушы — 2 бірлік.

**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы**  
аға оқытушы — 2 бірлік.

**Конкурсқа құжаттарды тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн Құжаттар академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың қызметкерлерді басқару бөліміне тапсырылады. Мекен-жайымыз: Қарағанды қ., Университет көшесі 28, 228 кабинет. Анықтама телефоны: 77-03-83.**